

## Қазақстан Республикасының магистральдық құбыр туралы заңнамасының сақталуының тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттарын және тексеру парақтарын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2015 жылғы 24 желтоқсандағы № 749 және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы № 827 бірлескен бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2016 жылы 9 ақпанда № 13023 болып тіркелді.

Ескерту. Тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Энергетика министрінің м.а. 29.11.2022 № 384 және ҚР Ұлттық экономика министрінің м.а. 30.11.2022 № 100 (01.01.2023 бастап қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.

Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексі 141-бабының 5-тармағына, 143-бабының 1-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫЗ:**

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда – ҚР Энергетика министрінің м.а. 29.11.2022 № 384 және ҚР Ұлттық экономика министрінің м.а. 30.11.2022 № 100 (01.01.2023 бастап қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.

### 1. Мыналар:

1) осы бірлескен бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасының магистральдық құбыр туралы заңнамасының сақталуының тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары;

2) осы бірлескен бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес Магистральдық мұнай өнімдері құбырының меншік иесіне немесе магистральдық мұнай өнімдері құбырына өзге де заңды негізде иелік ететін заңды тұлғаға не олар уәкілеттік берген операторлық қызметтерін көрсететін ұйымға, ұлттық операторға қатысты Қазақстан Республикасының магистральдық құбыр туралы заңнамасының сақталуын тексеру парағы;

3) осы бірлескен бұйрыққа 3-қосымшаға сәйкес Магистральдық мұнай құбырының меншік иесіне немесе магистральдық мұнай құбырына өзге де заңды негізде иелік ететін заңды тұлғаға не олар уәкілеттік берген операторлық қызметтерін көрсететін ұйымға, ұлттық операторға қатысты Қазақстан Республикасының магистральдық құбыр туралы заңнамасының сақталуын тексеру парағы;

4) осы бірлескен бұйрыққа 4-қосымшаға сәйкес Магистральдық газ құбырының меншік иесіне немесе магистральдық газ құбырына өзге де заңды негізде иелік ететін заңды тұлғаға не олар уәкілеттік берген операторлық қызметтерін көрсететін ұйымға, ұлттық операторға қатысты Қазақстан Республикасының магистральдық құбыр туралы заңнамасының сақталуын тексеру парағы;

5) осы бірлескен бұйрыққа 5-қосымшаға сәйкес Терминалдар меншік иелеріне қатысты Қазақстан Республикасының магистральдық құбыр туралы заңнамасының сақталуын тексеру парағы бекітілсін.

**Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Энергетика министрінің м.а. 29.11.2022 № 384 және ҚР Ұлттық экономика министрінің м.а. 30.11.2022 № 100 (01.01.2023 бастап қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.**

2. "Қазақстан Республикасының магистральдық құбыр туралы заңнамасын сақтау саласында тәуекел дәрежесін бағалау критерийлерін және тексеру парағының нысанын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің м.а. 2015 жылғы 30 маусымдағы № 478 және Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2015 жылғы 22 маусымдағы № 419 бірлескен бұйрығының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11828 болып тіркелді, "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде 2015 жылғы 7 қыркүйекте жарияланды) күші жойылды деп танылсын.

3. Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің Мұнай-газ кешеніндегі экологиялық реттеу, бақылау және мемлекеттік инспекция комитеті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бірлескен бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бірлескен бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгенінен кейін он күнтізбелік күн ішінде оның көшірмесін мерзімді баспа басылымдарында және "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялауға, сондай-ақ Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің Эталондық бақылау банкіне енгізу үшін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберуді;

3) осы бірлескен бұйрықты Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің ресми интернет-ресурсында және мемлекеттік органдардың интранет-порталында орналастыруды;

4) осы бірлескен бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркегеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің Заң қызметі департаментіне осы тармақтың 2) және 3) тармақшаларымен көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді беруді қамтамасыз етсін.

4. Осы бірлескен бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Энергетика вице-министріне жүктелсін.

5. Осы бірлескен бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Ұлттық экономика министрі  
\_\_\_\_\_ Е. Досаев

Энергетика министрі  
\_\_\_\_\_ В. Школьник

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Бас прокуратурасының

Құқықтық статистика және

арнайы есепке алу жөніндегі

комитетінің төрағасы

\_\_\_\_\_ С. Айтпаева

2015 жылғы 24 желтоқсан

Қазақстан Республикасы  
Энергетика министрінің  
2015 жылғы 24 желтоқсандағы  
№ 749 және  
Қазақстан Республикасы Ұлттық  
экономика министрінің  
2015 жылғы 29 желтоқсандағы  
№ 827 бірлескен бұйрығына  
1-қосымша

## **Қазақстан Республикасының магистральдық құбыр туралы заңнамасының сақталуының тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары**

**Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Энергетика министрінің м.а. 29.11.2022 № 384 және ҚР Ұлттық экономика министрінің м.а. 30.11.2022 № 100 (01.01.2023 бастап қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.**

### **1-тарау. Жалпы ережелер**

1. Осы Қазақстан Республикасының магистральдық құбыр туралы заңнамасының сақталуының тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары (бұдан әрі – Өлшемшарттар) Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексінің (бұдан әрі – Кодекс) 141-бабы 5-тармағына, "Магистральдық құбыр туралы" Қазақстан Республикасының заңына (бұдан әрі – Заң) және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің міндетін атқарушының 2022 жылғы 22 маусымдағы №48 бұйрығымен бекітілген Реттеуші мемлекеттік органдардың тәуекелдерді бағалау және басқару жүйесін қалыптастыру қағидаларына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 28577 болып тіркелген) сәйкес Қазақстан Республикасының магистральдық құбыр туралы заңнамасының сақталуына саласындағы бақылау субъектілерін (объектілерін) тәуекел дәрежелеріне жатқызу мақсатында әзірленді.

2. Өлшемшарттарда мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) бақылау субъектісі – магистральдық мұнай құбырлары, газ құбырлары, мұнай өнімдері құбырларының меншік иесіне немесе магистральдық мұнай құбырлары, газ құбырлары, мұнай өнімдері құбырларының өзге де заңды негізде иелік ететін заңды тұлғалар не олар уәкілеттік берген операторлық қызметтерін көрсететін ұйымдар, ұлттық оператор, сондай-ақ терминал меншік иесі;

2) балл – тәуекелді есептеудің сандық өлшемі;

3) болмашы бұзушылықтар – жабдықтар мен құбыржолдарды жөндеу, тазалау, оларға техникалық қызмет көрсету жөніндегі, мұнай құбырының бұзылуын болдырмау жөніндегі жоспарлардың болмауына, объектілерді қайта іске қосу немесе іске қосу жөніндегі жұмыс бағдарламаларының болмауына, объектілерде мониторинг және автоматтандыру жүйесінің болмауына байланысты бұзушылықтар;

4) деректерді қалыпқа келтіру – әртүрлі шәкілдерде өлшенген мәндерді шартты түрде жалпы шәкілге келтіруді көздейтін статистикалық рәсім;

5) елеулі бұзушылықтар – ведомстволық статистикалық байқау немесе әкімшілік есепке алу үшін қажетті есептерді магистральдық құбыр саласындағы уәкілетті органға ұсынбауға байланысты бұзушылықтар;

6) магистральдық құбыр – өнімді қауіпсіз тасымалдауды қамтамасыз ететін желілік бөліктен және объектілерден тұратын, техникалық регламенттер мен ұлттық стандарттар талаптарына сәйкес келетін бірыңғай өндірістік-технологиялық кешен. Магистральдық құбырларға магистральдық мұнай құбырлары, газ құбырлары және мұнай өнімдері құбырлары жатады;

7) магистральдық құбырдың меншік иесі – Қазақстан Республикасы, Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық бірлігі немесе магистральдық құбырға меншік құқығында иелік ететін заңды тұлға;

8) операторлық қызметтер – магистральдық құбырдың меншік иесінің не магистральдық құбырға өзге де заңды негізде иелік ететін тұлғаның атынан жөнелтушілерге оператор ұсынатын өнімді тасымалдау жөніндегі және (немесе) магистральдық құбырдың меншік иесіне не магистральдық құбырға өзге де заңды негізде иелік ететін тұлғаға оператор ұсынатын магистральдық құбырды пайдалану жөніндегі қызметтер;

9) өнім – тасымалдауға дайындалған және тиісті өнім түрі бойынша техникалық регламенттерге сәйкес келетін, тұрақты (тұрақты емес) газ конденсатын, табиғи газды, ілеспе газды, басқа да сұйық және газ тәріздес көмірсутектерді, мұнай өнімдерін қоса алғандағы мұнай;

10) өрескел бұзушылықтар – есепке алудың бақылау аспаптарының болмауына, кезектілік және тең қол жеткізу тәртібін бұзуға, мұнай тасымалдау графигін сақтамауға, магистральдық құбырды пайдалануға өзге ұйым тартылған жағдайда операторлық қызметтерді көрсетуге шарттың жоқтығына байланысты бұзушылықтар;

11) тәуекел – бақылау субъектісінің қызметі нәтижесінде адам өміріне немесе денсаулығына, қоршаған ортаға, жеке және заңды тұлғалардың заңды мүдделеріне, мемлекеттің мүліктік мүдделеріне салдарларының ауырлық дәрежесін ескере отырып зиян келтіру ықтималдығы;

12) тәуекелдерді бағалау және басқару жүйесі – тиісті қызмет салаларында тәуекелдің жол берілетін деңгейін қамтамасыз ете отырып, кәсіпкерлік еркіндігін шектеудің ең төменгі ықтимал дәрежесі мақсатында бақылау субъектісіне бару арқылы профилактикалық бақылауды кейіннен жүзеге асыру үшін бақылау субъектілерін тәуекел дәрежелері бойынша бөлу арқылы қолайсыз факторлардың туындау ықтималдығын азайтуға бағытталған, сондай-ақ нақты бақылау субъектісі (объектісі) үшін тәуекел деңгейін өзгертуге бағытталған басқарушылық шешімдерді қабылдау және (немесе) осындай бақылау субъектісін (объектісін) бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылаудан босату процесі;

13) тәуекел дәрежесін бағалаудың объективті өлшемшарттары (бұдан әрі – объективті өлшемшарттар) – белгілі бір қызмет саласында тәуекел дәрежесіне байланысты және жеке бақылау субъектісіне (объектісіне) тікелей байланыссыз бақылау субъектілерін (объектілерін) іріктеу үшін пайдаланылатын тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары;

14) тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары – бақылау субъектісінің тікелей қызметімен, салалық даму ерекшеліктерімен және осы дамуға әсер ететін факторлармен байланысты, бақылау субъектілерін (объектілерін) тәуекелдің әртүрлі дәрежелерін жатқызуға мүмкіндік беретін сандық және сапалық көрсеткіштің жиынтығы;

15) тәуекел дәрежесін бағалаудың субъективті өлшемшарттары (бұдан әрі – субъективті өлшемшарттар) – нақты бақылау субъектісінің (объектісінің) қызметі нәтижелеріне байланысты бақылау субъектілерін (объектілерін) іріктеу үшін пайдаланылатын тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары;

16) терминал меншік иесі – магистральдық мұнай құбыры объектілерінің құрамына кірмейтін, резервуарларды білдіретін, өнім сақтауға арналған өнеркәсіптік объектіге, сондай-ақ мұнайды қабылдауға және (немесе) көлікке (теміржол цистерналары, автоцистерналар, танкерлер және басқалары) немесе мұнай құбырына тиіп-жөнелтуге арналған платформаға иелік ететін жеке немесе заңды тұлға;

17) ұлттық оператор – акцияларының (қатысу үлестерінің) бақылау пакетінің меншік иесі мемлекет не ұлттық басқарушы холдинг, ұлттық компания немесе Ұлттық әл-ауқат қоры тобына кіретін компания болып табылатын, бір немесе бірнеше магистральдық құбырға меншік құқығында немесе өзге де заңды негізде иелік ететін, Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын заңды тұлға.

**Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Энергетика министрінің 14.06.2023 № 226 және ҚР Ұлттық экономика министрінің 14.06.2023 № 113 (алғашқы ресми**

жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.

3. Бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылауды жүзеге асыру кезінде тәуекелдерді басқару мақсаттары үшін бақылау субъектілерін (объектілерін) мынадай тәуекел дәрежелерінің біріне (бұдан әрі – тәуекел дәрежесі) жатқызылады:

- 1) жоғары тәуекел;
- 2) төмен тәуекел.

Жоғары тәуекел дәрежесіне жатқызылған бақылау субъектілерінің (объектілерінің) қызметі салаларында бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау және жоспардан тыс тексеру жүргізіледі.

Төмен тәуекел дәрежесіне жатқызылған бақылау субъектілерінің (объектілерінің) қызметі салаларында жоспардан тыс тексеру жүргізіледі.

4. Бақылау субъектілерінің (объектілерінің) профилактикалық бақылау жүргізу үшін тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары объективті және субъективті өлшемшарттарды айқындау арқылы қалыптастырылады.

## **2-тарау. Объективті өлшемшарттар**

5. Объективті өлшемшарттарды айқындау тәуекелді айқындау арқылы жүзеге асырылады.

6. Тәуекелді айқындау мынадай өлшемшарттардың бірін ескере отырып жүзеге асырылады:

- 1) объектінің қауіптілік (күрделілік) деңгейі;
- 2) реттелетін салаға (облысқа) ықтимал теріс салдарлар ауырлығының, зиянның ауқымы;
- 3) адамның өмірі немесе денсаулығы, қоршаған орта, жеке және заңды тұлғалардың, мемлекеттің заңды мүдделері үшін қолайсыз оқиғаның туындау мүмкіндігі.

7. Магистральдық мұнай құбырларының немесе газ құбырларының меншік құқығындағы иелері, магистральдық мұнай құбырын немесе газ құбырын өзге де заңды негізде иеленетін заңды тұлғалар не олар уәкілеттік берген, операторлық қызметтер көрсететін ұйымдар, ұлттық оператор тәуекел дәрежесі жоғары субъектілерге жатады.

8. Магистральдық мұнай өнімдері құбырларының меншік құқығындағы иелері, магистральдық мұнай өнімдері құбырын өзге де заңды негізде иеленетін заңды тұлғалар не олар уәкілеттік берген, операторлық қызметтер көрсететін ұйымдар, ұлттық оператор тәуекел дәрежесі төмен субъектілерге жатады.

9. Терминалдардың меншік иелері бақылау субъектілері ретінде тәуекел дәрежесі төмен субъектілерге жатады.

10. Жоғары тәуекел дәрежесіне жатқызылған бақылау субъектілеріне (объектілеріне) қатысты бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау жүргізу мақсатында субъективті өлшемшарттар қолданылады.

### 3-тарау. Субъективті өлшемшарттар

11. Субъективті өлшемшарттарды айқындау мынадай кезеңдерді қолдана отырып жүзеге асырылады:

- 1) деректер базасын қалыптастыру және ақпарат жинау;
- 2) ақпаратты талдау және тәуекелдерді бағалау.

12. Деректер базасын қалыптастыру және ақпарат жинау Қазақстан Республикасының магистральдық құбыр саласындағы заңнамасын бұзатын бақылау субъектілерін (объектілерін) анықтау үшін қажет.

Тәуекел дәрежесін бағалау бақылау субъектілеріне (объектілеріне) алдыңғы тексерулер мен бару арқылы профилактикалық бақылаудың нәтижелері пайдаланылады.

**Ескерту. 12-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Энергетика министрінің 14.06.2023 № 226 және ҚР Ұлттық экономика министрінің 14.06.2023 № 113 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.**

13. Субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесінің көрсеткішін (R) есептеу алдыңғы тексерулер мен бақылау (SP) субъектілеріне (объектілеріне) бару арқылы профилактикалық бақылау нәтижелері бойынша бұзушылықтар бойынша тәуекел дәрежесінің көрсеткішін және субъективті өлшемшарттар (SC) бойынша тәуекел дәрежесінің көрсеткішін қосу жолымен, деректер мәндерін 0-ден 100 баллға дейінгі диапазонға қалыпқа келтіре отырып, автоматтандырылған режимде жүзеге асырылады.

$R_{арал} = SP + SC$ , мұнда

Rарал – субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесінің аралық көрсеткіші,

SP – бұзушылықтар бойынша тәуекел дәрежесінің көрсеткіші,

SC – субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесінің көрсеткіші.

Есептеу әрбір мемлекеттік бақылау саласының бақылау субъектілерінің (объектілерінің) біртекті тобының әрбір бақылау субъектісі (объектісі) бойынша жүргізіледі. Бұл ретте бір мемлекеттік бақылау саласының бақылау субъектілерінің (объектілерінің) біртекті тобына жатқызылатын, бағаланатын бақылау субъектілерінің (объектілерінің) тізбесі деректерді кейіннен қалыпқа келтіру үшін іріктеу жиынтығын (іріктемені) құрайды.

Алдыңғы тексерулер нәтижелері бойынша алынған деректер бойынша 0-ден 100-ге дейінгі баллмен бағаланатын бұзушылықтар бойынша тәуекел дәрежесінің көрсеткіші қалыптастырылады.

Осы өлшемшарттың 12-тармағында алдыңғы тексерулердің нәтижелері бойынша бір өрескел бұзушылық анықталған кезде бақылау субъектісіне 100 балл тәуекел дәрежесінің көрсеткіші теңестіріледі және оған қатысты бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау жүргізіледі.

Өрескел бұзушылықтар анықталмаған кезде, бұзушылықтар бойынша тәуекел дәрежесінің көрсеткіші елеулі және болмашы дәрежедегі бұзушылықтар бойынша жиынтық көрсеткішпен есептеледі.

Елеулі бұзушылықтар көрсеткішін айқындау кезінде 0,7 коэффициенті қолданылады.

Бұл көрсеткіш мына формула бойынша есептеледі:

$$SP_3 = (SP_2 \times 100 / SP_1) \times 0,7,$$

мұнда:

SP<sub>3</sub> – елеулі бұзушылықтардың көрсеткіші;

SP<sub>1</sub> - елеулі бұзушылықтардың талап етілетін саны;

SP<sub>2</sub> - анықталған елеулі бұзушылықтардың саны.

Болмашы бұзушылықтардың көрсеткішін айқындау кезінде 0,3 коэффициенті қолданылады.

Бұл көрсеткіш мына формула бойынша есептеледі:

$$SP_n = (SP_2 \times 100 / SP_1) \times 0,3,$$

мұнда:

SP<sub>n</sub> – болмашы бұзушылықтардың көрсеткіші;

SP<sub>1</sub> – болмашы бұзушылықтардың талап етілетін саны;

SP<sub>2</sub> – анықталған болмашы бұзушылықтардың саны.

Тәуекел дәрежесінің жалпы көрсеткіші (SP) 0-ден 100-ге дейінгі шәкіл бойынша есептеледі және мына формула бойынша елеулі және болмашы бұзушылықтардың көрсеткіштерін қосу арқылы айқындалады:

$$SP = SP_3 + SP_n,$$

мұнда:

SP – тәуекел дәрежесінің жалпы көрсеткіші;

SP<sub>3</sub> – елеулі бұзушылықтардың көрсеткіші;

SP<sub>n</sub> – болмашы бұзушылықтардың көрсеткіші.

Жалпы көрсеткіштің алынған мәні бақылау субъектісін мынадай тәуекел дәрежесінің біріне жатқызу үшін негіз болып табылады:

1) жоғары тәуекел дәрежесі – тәуекел дәрежесінің көрсеткіші 71-ден 100-ді қоса алғанға дейінгі болған кезде және оған қатысты бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау жүргізіледі;



2) төмен тәуекел дәрежесі – тәуекел дәрежесінің көрсеткіші 0-ден 70-ті қоса алғанға дейінгі болған кезде және оған қатысты бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау жүргізілмейді.

Қолданылатын ақпарат көздерінің басымдығын және субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесінің көрсеткішін есептеу тәртібіне сәйкес субъективті өлшемшарттар көрсеткішінің маңыздылығын негізге ала отырып, субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесінің көрсеткіші 0-ден 100-ге дейінгі шәкіл бойынша есептеледі.

Субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесінің көрсеткішін есептеу 0-ден 100 балға дейінгі шәкіл бойынша жүргізіледі және мынадай формула бойынша жүзеге асырылады:

$$SC = \sum_{i=1}^n x_i * w_i, \text{ мұнда}$$

$x_i$  – субъективті өлшемшарт көрсеткіші;

$w_i$  –  $x_i$  субъективті өлшемшарт көрсеткішінің үлес салмағы;

$n$  – көрсеткіштер саны.

Субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесі көрсеткішінің алынған мәні субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесі көрсеткішінің есебіне енгізіледі.

$R$  көрсеткіші бойынша субъектілер (объектілер) бойынша есептелген мәндер 0-ден 100 балға дейінгі диапазонға қалыпқа келтіріледі. Деректерді қалыпқа келтіру әрбір іріктемелі жиынтық (іріктеме) бойынша мынадай формуланы пайдалана отырып жүзеге асырылады:

$$R = \frac{R_{\text{пром}} - R_{\text{min}}}{R_{\text{max}} - R_{\text{min}}}$$

$R$  – жеке бақылау субъектісінің (объектісінің) субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесінің көрсеткіші (қорытынды),

$R_{\text{max}}$  – бір іріктемелі жиынтыққа (іріктемеге) кіретін субъектілер (объектілер) бойынша субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесінің шәкілі бойынша ең жоғарғы ықтимал мән (шәкілдің жоғарғы шекарасы),

$R_{\text{min}}$  – бір іріктемелі жиынтыққа (іріктемеге) кіретін субъектілер (объектілер) бойынша субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесінің шәкілі бойынша ең төменгі ықтимал мән (шәкілдің төменгі шекарасы),

Рарал – субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесінің аралық көрсеткіші.

Магистральдық мұнай құбырларына және магистральдық газ құбырларына қатысты талаптарды бұзушылық дәрежесі осы Өлшемшарттарға 1 және 2-қосымшаларда келтірілген.

Талдау және бағалау кезінде нақты бақылау субъектісіне (объектісіне) қатысты бұрын ескерілген және пайдаланылған субъективті өлшемшарттардың деректері не Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 178-бабы 1-тармағына сәйкес талап қою мерзімі өткен деректер қолданылмайды.

Алдыңғы жүргізілген бару арқылы профилактикалық бақылаудың қорытындылары бойынша берілген бұзушылықтарды толық көлемде жойған бақылау субъектілеріне қатысты оларды мемлекеттік бақылаудың кезекті кезеңіне тізімдерді қалыптастыру кезінде енгізуге жол берілмейді.

Бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау жүргізудің мерзімділігі субъективті өлшемшарттар бойынша алынатын мәліметтерге жүргізілетін талдау мен бағалаудың нәтижелері бойынша айқындалады және жылына ең көбі бір реттен аспайды.

Алынатын мәліметтер талдауы және көрсеткіштер бойынша бағалау есепті жылғы бірінші мамырға дейін және он бесінші желтоқсанға дейін жылына екі рет жүргізіледі.

Егер бақылау субъектісіне (объектісіне) қатысты бұрын бару арқылы профилактикалық бақылау жүргізілген болса, бару арқылы соңғы профилактикалық бақылаудың аяқталу күнінен кейінгі күннен бастап жүргізілетін талдаудың басталуына дейінгі кезең талданатын кезең болып табылады.

Бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау Кодекстің 144-2-бабының 4-тармағына сәйкес құрылатын бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылаудың жартыжылдық тізімдері негізінде жүргізіледі.

**Ескерту. 13-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Энергетика министрінің 14.06.2023 № 226 және ҚР Ұлттық экономика министрінің 14.06.2023 № 113 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.**

Қазақстан Республикасының  
магистральдық құбыр туралы  
заңнамасының сақталуының  
тәуекел дәрежесін бағалау  
өлшемшарттарына  
1-қосымша

**Магистральдық мұнай құбырының меншік иесіне немесе магистральдық мұнай құбырына өзге де заңды негізде иелік ететін заңды тұлғаға не олар уәкілеттік берген операторлық**

**қызметтерін көрсететін ұйымға, ұлттық операторға қатысты талаптарды бұзушылық дәрежесі**

**Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Энергетика министрінің 14.06.2023 № 226 және ҚР Ұлттық экономика министрінің 14.06.2023 № 113 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.**

<b>р/с №</b>	<b>Талаптар</b>	<b>Бұзушылық дәрежесі</b>
1	Мұнай тасымалдауға арналған магистральдық құбырларды мұнайды есепке алудың бақылау аспаптарымен жарактандыру	Өрескел
2	Магистральдық құбырдың шектеулі өткізу қуаты кезінде мұнайды магистральдық құбырмен тасымалдау жөнінде қызметті көрсетудің кезектілік тәртібін сақтау	Өрескел
3	Магистральдық құбыр саласындағы уәкілетті органмен бекітілген мұнайды магистральдық мұнай құбырларымен тасымалдау графигін сақтау	Өрескел
4	Магистральдық құбырдың еркін өткізу қуаты болған кезде магистральдық құбырдың меншік иесі не магистральдық құбырға өзге де заңды негізде иелік ететін тұлға немесе олардың атынан жөнелтушілерге өнімді тасымалдау жөніндегі қызметтерді көрсетуге уәкілеттік берілген оператор барлық жөнелтушілерге өнімді магистральдық құбырмен тасымалдау жөніндегі қызметтерге қолжетімділікті ұсынудың тең жағдайларын қамтамасыз ету талабын сақтау	Өрескел
5	Уәкілетті органға ведомстволық статистикалық байқау немесе әкімшілік есепке алу үшін қажетті төменде көрсетілген есептерді ұсынуы: 1) мұнайды және газ конденсатын экспортқа тасымалдау бойынша тәулік сайынғы ақпарат туралы; 2) мұнайды және газ конденсатын экспортқа ("Омбы-Павлодар" құбырын қоспағанда) тасымалдау	Елеулі

	<p>бойынша ай сайынғы ақпарат туралы;</p> <p>3) мұнайды және газ конденсатын экспортқа ("Омбы-Павлодар" құбырын қоспағанда) тасымалдау бойынша жедел жоспарлар туралы</p>	
6	<p>Жабдықтар мен желілік бөліктің құрылыстарын ағымдағы жөндеу жұмыстарын жүргізудің жоспар-графикінің бар болуы және оны сақтау</p>	Болмашы
7	<p>Тазартушы құрылғыларды өткізу арқылы мұнай құбырларын тазарту жөніндегі бекітілген жұмыстардың жылдық жоспарын сақтау</p>	Болмашы
8	<p>Диагностикалау нәтижелерінің негізінде магистральдық мұнай құбырларының желілік бөлігі мен объектілерін жөндеу жұмыстарының мерзімдері мен көлемдері көрсетілген мұнай құбырларының бұзылуының алдын алу жөніндегі жоспардың бар болуы</p>	Болмашы
9	<p>Резервуарларды диагностикалау негізінде резервуар паркінің сенімді пайдалануды қамтамасыз ету мүмкіндігін есепке ала отырып резервуарларды жөндеу (оның ішінде күрделі жөндеу) графикінің бар болуы</p>	Болмашы
10	<p>Объектілерді (жабдықты) қайта іске қосу немесе оларды қолданысқа енгізу кезінде жұмыстардың тізбесі, оларды орындау тәртібі мен мерзімдері көрсетілген жұмыс бағдарламасының бар болуы</p>	Болмашы
11	<p>Мынадай магистральдық мұнай құбырларының объектілерінде автоматтандырудың бар болуы:</p> <p>1) магистральдық, тіректі сорғылары, резервуар парктері бар бас мұнай айдау станциялары;</p> <p>2) магистральдық сорғылары бар аралық мұнай айдау станциялары;</p> <p>3) мұнай қыздыру станциялары / пункттері;</p> <p>4) мұнайды есепке алу торабы / мұнайдың саны мен сапасын өлшеу жүйесі;</p>	Болмашы

	5) қосалқы инженерлік құрылыстары; 6) магистральдық мұнай құбырларының желілік бөлігі	
12	Магистральдық мұнай құбырының меншік иесінде немесе магистральдық мұнай құбырына өзге де заңды негізде иелік ететін заңды тұлғада магистральдық құбырды пайдалануға өзге ұйым тартылған жағдайда операторлық қызметтерді көрсетуге шарттың болуы	Өрескел

Қазақстан Республикасының магистральдық құбыр туралы заңнамасының сақталуының тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттарына  
2-қосымша

**Магистральдық газ құбырының меншік иесіне немесе магистральдық газ құбырына өзге де заңды негізде иелік ететін заңды тұлғаға не олар уәкілеттік берген операторлық қызметтерін көрсететін ұйымға, ұлттық операторға қатысты талаптарды бұзушылық дәрежесі**

**Ескерту. 2-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Энергетика министрінің 14.06.2023 № 226 және ҚР Ұлттық экономика министрінің 14.06.2023 № 113 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.**

р/с №	Талаптар	Бұзушылық дәрежесі
1	Магистральдық құбырдың еркін өткізу қуаты болған кезде магистральдық құбырдың меншік иесі не магистральдық құбырға өзге де заңды негізде иелік ететін тұлға немесе олардың атынан жөнелтушілерге өнімді тасымалдау жөніндегі қызметтерді көрсетуге уәкілеттік берілген оператор барлық жөнелтушілерге өнімді магистральдық құбырмен тасымалдау жөніндегі қызметтерге қолжетімділікті ұсынудың тең жағдайларын қамтамасыз ету талабын сақтау	Өрескел
2	Газ тасымалдау ұйымымен бекітілген магистральдық газ құбырына және компрессорлық станцияларға, газ тарату станцияларына, газ өлшеу станцияларына, жерасты газ қоймаларына техникалық қызмет	Болмашы

	көрсету және жөндеу жоспар-графикінің бар болуы	
3	Компрессорлық станциясында мониторинг және диагностика жүйелерінің бар болуы	Болмашы
4	Мерзімді техникалық қызметтің және жүргізілетін жөндеудің көлемі мен графиктерімен бөлімшенің техникалық басшысы бекіткен жыл сайынғы жоспардың бар болуы	Болмашы
5	Газ тарату станциясының қызмет бастығымен келісілген және магистральдық газ құбыры желілік өндірістік басқармасының басшылығы бекіткен алдын ала жоспарлы жөндеу графикінің бар болуы	Болмашы
6	Магистральдық газ құбырының меншік иесінде немесе магистральдық газ құбырына өзге де заңды негізде иелік ететін заңды тұлғада магистральдық газ құбырын пайдалануға өзге ұйым тартылған жағдайда операторлық қызметтерді көрсетуге шарттың болуы	Өрескел

Қазақстан Республикасы  
Энергетика министрінің  
2015 жылғы 24 желтоқсандағы  
№ 749 және  
Қазақстан Республикасы Ұлттық  
экономика министрінің  
2015 жылғы 29 желтоқсандағы  
№ 827 бірлескен бұйрығына  
2-қосымша

**Магистральдық мұнай өнімдері құбырының меншік иесіне немесе магистральдық мұнай өнімдері құбырына өзге де заңды негізде иелік ететін заңды тұлғаға не олар уәкілеттік берген операторлық қызметтерін көрсететін ұйымға, ұлттық операторға қатысты Қазақстан Республикасының магистральдық құбыр туралы заңнамасының сақталуын тексеру парағы**

Ескерту. 2-қосымшамен толықтырылды – ҚР Энергетика министрінің 16.11.2018 № 447 және ҚР Ұлттық экономика министрінің 19.11.2018 № 74 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); жаңа редакцияда - ҚР Энергетика министрінің м.а. 29.11.2022 № 384 және ҚР Ұлттық экономика министрінің м.а. 30.11.2022 № 100 (01.01.2023 бастап қолданысқа енгізіледі)

; өзгеріс енгізілді - ҚР Энергетика министрінің 14.06.2023 № 226 және ҚР Ұлттық экономика министрінің 14.06.2023 № 113 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрықтарымен.

Тексеруді / бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылауды тағайындаған мемлекеттік орган \_\_\_\_\_

Тексеруді / бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылауды тағайындау туралы акт \_\_\_\_\_  
(№, күні)

Бақылау субъектісінің (объектісінің) атауы \_\_\_\_\_

Бақылау субъектісінің (объектісінің) жеке сәйкестендіру нөмірі/  
бизнес- сәйкестендіру нөмірі \_\_\_\_\_

Орналасқан жерінің мекенжайы \_\_\_\_\_

№	Талаптар тізбесі	Талаптарға сәйкес келеді	Талаптарға сәйкес келмейді
1	2	3	4
1	Алып тасталды - ҚР Энергетика министрінің 14.06.2023 № 226 және ҚР Ұлттық экономика министрінің 14.06.2023 № 113 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.		
2	Магистральдық құбырдың шектеулі өткізу қуаты кезінде мұнайды және (немесе) мұнай өнімдерін магистральдық құбырмен тасымалдау жөнінде көрсетілетін қызметтің кезектілік тәртібін сақтау		
3	Магистральдық құбырдың еркін өткізу қуаты бар кезінде магистральдық құбырдың меншік иесі не магистральдық құбырға өзге де заңды негізде иелік ететін тұлға немесе олардың атынан жөнелтушілерге өнімді тасымалдау жөніндегі қызметтерді көрсетуге уәкілеттік берілген		

	оператор барлық жөнелтушілерге өнімді магистральдық құбырмен тасымалдау жөніндегі қызметтерге қолжетімділікті ұсынудың тең жағдайларын қамтамасыз ету талабын сақтау		
4	Магистральдық мұнай өнімдері құбырының меншік иесінде немесе магистральдық мұнай өнімдері құбырына өзге де заңды негізде иелік ететін заңды тұлғада магистральдық құбырды пайдалануға өзге ұйым тартылған жағдайда операторлық қызметтерді көрсетуге шарттың болуы		

Лауазымды адам (дар)

---

лауазымы қолы тегі, аты, әкесінің аты  
(бар болған жағдайда)

---

лауазымы қолы тегі, аты, әкесінің аты  
(бар болған жағдайда)

Бақылау субъектісінің басшысы

---

лауазымы қолы тегі, аты, әкесінің аты  
(бар болған жағдайда)

Қазақстан Республикасы  
Энергетика министрінің  
2015 жылғы 24 желтоқсандағы  
№ 749 және  
Қазақстан Республикасы Ұлттық  
экономика министрінің  
2015 жылғы 29 желтоқсандағы  
№ 827 бірлескен бұйрығына  
3-қосымша

**Магистральдық мұнай құбырының меншік иесіне немесе магистральдық мұнай құбырына өзге де заңды негізде иелік ететін заңды тұлғаға не олар уәкілеттік берген операторлық қызметтерін көрсететін ұйымға, ұлттық операторға қатысты Қазақстан Республикасының магистральдық құбыр туралы заңнамасының сақталуын тексеру парағы**



Ескерту. 3-қосымшамен толықтырылды – ҚР Энергетика министрінің 16.11.2018 № 447 және ҚР Ұлттық экономика министрінің 19.11.2018 № 74 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); жаңа редакцияда - ҚР Энергетика министрінің м.а. 29.11.2022 № 384 және ҚР Ұлттық экономика министрінің м.а. 30.11.2022 № 100 (01.01.2023 бастап қолданысқа енгізіледі) ; өзгеріс енгізілді - ҚР Энергетика министрінің 14.06.2023 № 226 және ҚР Ұлттық экономика министрінің 14.06.2023 № 113 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрықтарымен.

Тексеруді / бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылауды тағайындаған мемлекеттік орган \_\_\_\_\_

Тексеруді/бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылауды тағайындау туралы акт \_\_\_\_\_

(№, күні)

Бақылау субъектісінің (объектісінің) атауы \_\_\_\_\_

Бақылау субъектісінің (объектісінің) жеке сәйкестендіру нөмірі/бизнес-сәйкестендіру нөмірі \_\_\_\_\_

Орналасқан жерінің мекенжайы \_\_\_\_\_

№	Талаптар тізбесі	Талаптарға сәйкес келеді	Талаптарға сәйкес келмейді
1	2	3	4
1	Алып тасталды - ҚР Энергетика министрінің 14.06.2023 № 226 және ҚР Ұлттық экономика министрінің 14.06.2023 № 113 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.		
2	Мұнай тасымалдауға арналған магистральдық құбырларды шикі мұнайды есепке алатын бақылау аспаптарымен жарактандыру		
3	Магистральдық құбырдың өткізу қуаты шектеулі болған кезінде мұнайды магистральдық құбырмен тасымалдау жөніндегі қызметті көрсетудің кезектілік тәртібін сақтау		

4	Мұнайды магистральдық мұнай құбырларымен тасымалдау графигін сақтау		
5	Магистральдық құбырдың бос өткізу қуаты болған кезде магистральдық құбырдың меншік иесі не магистральдық құбырға өзге де заңды негізде иелік ететін тұлға немесе олардың атынан жөнелтушілерге өнімді тасымалдау жөніндегі қызметтерді көрсетуге уәкілеттік берілген оператор барлық жөнелтушілерге өнімді магистральдық құбырмен тасымалдау жөніндегі қызметтерге қолжетімділікті ұсынудың тең жағдайларын қамтамасыз ету талабын сақтау		
6	Уәкілетті органға ведомстволық статистикалық байқау немесе әкімшілік есепке алу үшін қажетті төменде көрсетілген есептерді ұсыну: 1) мұнайды және газ конденсатын экспортқа тасымалдау бойынша тәулік сайынғы ақпарат туралы; 2) мұнайды және газ конденсатын экспортқа ("Омбы – Павлодар" құбырын қоспағанда) тасымалдау бойынша ай сайынғы ақпарат туралы; 3) мұнайды және газ конденсатын экспортқа ("Омбы – Павлодар" құбырын қоспағанда) тасымалдау жөніндегі жедел жоспарлар туралы		
	Жабдықтар мен желілік бөліктің құрылыстарын ағымдағы жөндеу		

7	жұмыстарын жүргізу жоспар-графигінің бар болуы және оны сақтау		
8	Тазартушы құрылғыларды өткізу арқылы мұнай құбырларын тазарту жөніндегі бекітілген жұмыстардың жылдық жоспарын сақтау		
9	Диагностикалау нәтижелерінің негізінде магистральдық мұнай құбырларының желілік бөлігі мен объектілерін жөндеу жұмыстарының мерзімдері мен көлемдері көрсетілген мұнай құбырларының бұзылуының алдын алу жөніндегі жоспардың бар болуы		
10	Резервуарларды диагностикалау негізінде резервуар паркінің сенімді пайдалануды қамтамасыз ету мүмкіндігін есепке ала отырып, резервуарларды жөндеу (оның ішінде күрделі жөндеу) графигінің бар болуы		
11	Объектілерді (жабдықты) қайта іске қосу және оларды қолданысқа енгізу кезінде жұмыстардың тізбесі, оларды орындау тәртібі мен мерзімдері көрсетілген жұмыс бағдарламасының бар болуы		
	Мынадай магистральдық мұнай құбырларының объектілерінде автоматтандырудың бар болуы: 1) магистральдық, тіректі сорғылары, резервуар парктері бар бас мұнай айдау станцияларының; 2) магистральдық сорғылары бар аралық		

12	<p>мұнай айдау станцияларының;</p> <p>3) мұнай қыздыру станцияларының / пункттерінің;</p> <p>4) мұнайды есепке алу торабы / мұнайдың саны мен сапасын өлшеу жүйесінің;</p> <p>5) қосалқы инженерлік құрылыстарының;</p> <p>6) магистральдық мұнай құбырларының желілік бөлігі</p>		
13	<p>Магистральдық мұнай құбырының меншік иесінде немесе магистральдық мұнай құбырына өзге де заңды негізде иелік ететін заңды тұлғада магистральдық құбырды пайдалануға өзге ұйым тартылған жағдайда операторлық қызметтерді көрсетуге шарттың болуы</p>		

Лауазымды адам (дар)

---

лауазымы қолы тегі, аты, әкесінің аты  
(бар болған жағдайда)

---

лауазымы қолы тегі, аты, әкесінің аты  
(бар болған жағдайда)

Бақылау субъектісінің басшысы

---

лауазымы қолы тегі, аты, әкесінің аты  
(бар болған жағдайда)

Қазақстан Республикасы  
Энергетика министрінің  
2015 жылғы 24 желтоқсандағы  
№ 749 және  
Қазақстан Республикасы Ұлттық  
экономика министрінің  
2015 жылғы 29 желтоқсандағы  
№ 827 бірлескен бұйрығына  
4-қосымша

Магистральдық газ құбырының меншік иесіне немесе магистральдық газ құбырына өзге де заңды негізде иелік ететін заңды тұлғаға не олар уәкілеттік берген операторлық қызметтерін көрсететін ұйымға, ұлттық операторға қатысты Қазақстан Республикасының магистральдық құбыр туралы заңнамасының сақталуын тексеру парағы

Ескерту. 4-қосымшамен толықтырылды – ҚР Энергетика министрінің 16.11.2018 № 447 және ҚР Ұлттық экономика министрінің 19.11.2018 № 74 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); жаңа редакцияда - ҚР Энергетика министрінің м.а. 29.11.2022 № 384 және ҚР Ұлттық экономика министрінің м.а. 30.11.2022 № 100 (01.01.2023 бастап қолданысқа енгізіледі) ; өзгеріс енгізілді - ҚР Энергетика министрінің 14.06.2023 № 226 және ҚР Ұлттық экономика министрінің 14.06.2023 № 113 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрықтарымен.

Тексеруді / бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылауды тағайындаған мемлекеттік орган \_\_\_\_\_

Тексеруді/бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылауды тағайындау туралы акт \_\_\_\_\_  
(№, күні)

Бақылау субъектісінің (объектісінің) атауы \_\_\_\_\_

Бақылау субъектісінің (объектісінің) жеке сәйкестендіру нөмірі/бизнес-сәйкестендіру нөмірі \_\_\_\_\_

Орналасқан жерінің мекенжайы \_\_\_\_\_

№	Талаптар тізбесі	Талаптарға сәйкес келеді	Талаптарға сәйкес келмейді
1	2	3	4
1	Алып тасталды - ҚР Энергетика министрінің 14.06.2023 № 226 және ҚР Ұлттық экономика министрінің 14.06.2023 № 113 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.		
	Магистральдық құбырдың бос өткізу қуаты болған кезінде магистральдық құбырдың меншік иесі не магистральдық құбырға өзге де заңды негізде иелік ететін тұлға немесе		

2	<p>олардың атынан жөнелтушілерге өнімді тасымалдау жөніндегі қызметтерді көрсетуге уәкілеттік берілген оператор барлық жөнелтушілерге өнімді магистральдық құбырмен тасымалдау жөніндегі қызметтерге қолжетімділікті ұсынудың тең жағдайларын қамтамасыз ету талабын сақтау</p>		
3	<p>Газ тасымалдау ұйымымен бекітілген магистральдық газ құбырына және компрессорлық станцияларға, газ тарату станцияларына, газ өлшеу станцияларына, жерасты газ қоймаларына техникалық қызмет көрсету және жөндеу жоспар-графикінің бар болуы</p>		
4	<p>Компрессорлық станцияда мониторинг және диагностика жүйелерінің бар болуы</p>		
5	<p>Мерзімді техникалық қызметтің және жүргізілетін жөндеудің көлемі мен графиктерімен бөлімшенің техникалық басшысы бекіткен жыл сайынғы жоспардың бар болуы</p>		
6	<p>Газ тасымалдау станциясының қызметтік бөлімінің бастығымен келісім жасалған және магистральдық газ құбыры желілік өндірістік басқармасының бастығы бекіткен жабдықтарды алдын ала жоспарлы жөндеу графикінің бар болуы</p>		

7

Магистральдық газ өнімдері құбырының меншік иесінде немесе магистральдық газ өнімдері құбырына өзге де заңды негізде иелік ететін заңды тұлғада магистральдық құбырды пайдалануға өзге ұйым тартылған жағдайда операторлық қызметтерді көрсетуге шарттың болуы

Лауазымды адам (дар)

лауазымы қолы тегі, аты, әкесінің аты  
(бар болған жағдайда)

лауазымы қолы тегі, аты, әкесінің аты  
(бар болған жағдайда)  
Бақылау субъектісінің басшысы

лауазымы қолы тегі, аты, әкесінің аты  
(бар болған жағдайда)

Қазақстан Республикасы  
Энергетика министрінің  
2015 жылғы 24 желтоқсандағы  
№ 749 және  
Қазақстан Республикасы Ұлттық  
экономика министрінің  
2015 жылғы 29 желтоқсандағы  
№ 827 бірлескен бұйрығына  
5-қосымша

**Терминалдар меншік иелеріне қатысты Қазақстан Республикасының магистральдық құбыр туралы заңнамасының сақталуын тексеру парағы**

**Ескерту. Қағида 5-қосымшамен толықтырылды - ҚР Энергетика министрінің м.а. 29.11.2022 № 384 және ҚР Ұлттық экономика министрінің м.а. 30.11.2022 № 100 (01.01.2023 бастап қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.**

Тексеруді / бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылауды тағайындаған мемлекеттік орган \_\_\_\_\_

Тексеруді/бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылауды тағайындау туралы акт \_\_\_\_\_  
(№, күні)

Бақылау субъектісінің (объектісінің) атауы \_\_\_\_\_

Бақылау субъектісінің (объектісінің) жеке сәйкестендіру нөмірі/бизнес-сәйкестендіру нөмірі \_\_\_\_\_

Орналасқан жерінің мекенжайы \_\_\_\_\_

№	Талаптар тізбесі	Талаптарға сәйкес келеді	Талаптарға сәйкес келмейді
1	2	3	4
1	Терминалдың өнеркәсіптік объектілерін есепке алатын бақылау аспаптарымен жаратқандырудың болуы		
2	Магистральдық құбырлар саласындағы уәкілетті органға ведомстволық статистикалық байқау немесе әкімшілік есепке алу үшін қажет терминалда мұнай қозғалысы бойынша ай сайынғы ақпаратты ұсыну		

Лауазымды адам (дар)

\_\_\_\_\_

лауазымы қолы тегі, аты, әкесінің аты  
(бар болған жағдайда)

\_\_\_\_\_

лауазымы қолы тегі, аты, әкесінің аты  
(бар болған жағдайда)

Бақылау субъектісінің басшысы

\_\_\_\_\_

лауазымы қолы тегі, аты, әкесінің аты  
(бар болған жағдайда)